

**«НҰРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
№ 27 ХАТТАМАСЫ**

Қоғамның атқарушы органының (Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері: «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 10 «В»;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілген күн: 29-мамыр 2025 жыл;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілген жер: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 10 «В», мәжіліс залы;

Акционерлерді тіркеудің басталуы: сағат 09:00;

Акционерлерді тіркеудің аяқталуы: сағат 09:55;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының басталуы: сағат 10:00;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының аяқталуы: сағат 10:46;

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы/жиналыс) келесі тіркелген акционерлер қатысты:

1. «JP Finance Group» ЖШС, 15 000 артықшылықты акция және 11 856 791 жай акцияға ие, оның атынан 27.05.2025 жылы берілген сенімхаттың негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Кайсарбекова Марина Мухтаровна.

2. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ, 120 398 артықшылықты акция және 48 887 жай акцияға ие, оның атынан 13.05.2025 жылы берілген №72 Сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Ақылбек Ерік Салауатұлы.

3. «Нұрбанк» АҚ-ның «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы ЕҰ» ЖШС, 9 918 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Абдықалық Дархан Төлеуұлы.

4. «Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ, 1 266 артықшылықты акцияға және 2 576 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін Басқарма төрайымы Шайхиева Ляззат Кынатовна.

5. Ильяшев Альнур Кайратович, 1 жай акцияға ие.

Шақырылғандар:

Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор – Камалеев Рустем Гумарович;

«Нұрбанк» АҚ-ның қаржы директоры – Басқарма мүшесі Толымбеков Нұрбек Қабылбекұлы;

«Нұрбанк» АҚ-ның бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановна;

«Нұрбанк» АҚ-ның басқарушы директоры – Заң департаментінің директоры Трофимов Николай Андреевич;

«Нұрбанк» АҚ-ның Заң департаменті директорының орынбасары Сальникова Наталья Александровна; АО «Нурбанк»;

«Нұрбанк» АҚ-ның корпоративтік хатшысы Скакова Жайнагуль Сериковна;

«Нұрбанк» АҚ-ның Басқарма Төрайымы Аппаратының жетекші маманы Ахметбай Жанерке.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Нарбаева Жамиля Жумабекқызы (Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі №Б-132 «Қазақстан Республикасының Қаржы

нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасы орынбасарының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №Б-425 «»Нұрбанк» Акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдерін тағайындау туралы» Бұйрығына өзгертулер енгізу жөніндегі Бұйрығына сәйкес)

1. КВОРУМ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумарович ашты, ол акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысушылармен сәлемдесті және күн тәртібінде көрсетілген бірқатар мәселелерді шешу үшін «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің бастамасымен (25.04.2025 жылғы №22-(25) Хаттама) «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шақырылғанын хабарлады.

Р.Г. Камалеев «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте «Нұрбанк» АҚ-ның 136 664 артықшылықты акциясына және 11 918 173 жай акциясына ие акционері мен олардың өкілдері тіркелгенін хабарлады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін кворум қамтамасыз етілді. Осылайша, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45-бабының 1-тармағында белгіленген акционерлердің жалпы жиналысын өтті деп тану үшін қажет және күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін құқылы кворум қамтамасыз етілді. Соған байланысты акционерлердің жалпы жиналысын ашық деп санау және мәселелерді қарауды бастау ұсынылды.

2. ХАБАРЛАМА

Р.Г. Камалеев «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізілді, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ-ның www.nurbank.kz ресми интернет-ресурсында және www.dfo.kz интернет-ресурсында жарияланды деп хабарлама жасады. Хабарламаларда акционерлердің жалпы жиналысында қаралатын және акционерлердің жылдық жалпы жиналысында шешімдер қабылдануы тиіс күн тәртібінің мәселелері баяндалған.

3. ДАУЫС БЕРУ ФОРМАСЫ

Р.Г. Камалеев жиналыста акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс», процедуралық мәселелер бойынша «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасын таңдауды ұсынды.

Дауыс беруге 5 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 5 дауыс;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Р.Г. Камалеев дауыс берудің нәтижелері бойынша: жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша және жалпы жиналыста

процедуралық мәселелерді қарау кезінде «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасы таңдалсын деп шешілгенін хабарлады.

4. ЖИНАЛЫСТЫҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН ХАТШЫСЫ

Р.Г. Камалеев Жылдық жалпы жиналыстың төрағасы етіп басқарушы директор - Заң департаментінің директоры Трофимов Николай Андреевичті сайлауды, күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санау міндеттемесімен және акционерлердің жылдық жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындыларын хаттамасын дайындау үшін жауапты ретінде Жиналыс хатшысы етіп «Нұрбанк» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы Скакова Жайнагуль Сериковнаны сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауысқа салынды.

«ЖАҚТАЙДЫ»:

1. «JP Finance Group» ЖШС – 1 дауыс;
2. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ - 1 дауыс;
3. «Нұрбанк» АҚ-ның «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы ЕҰ» ЖШС – 1 дауыс;
4. «Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ - 1 дауыс;
5. Ильяшев Альнур Кайратович - 1 дауыс.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 5 дауыс;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Акционерлер Трофимов Николай Андреевичті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының төрағасы етіп (бұдан әрі – Жиналыс төрағасы), ал Скакова Жайнагуль Сериковнаны күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санау міндеттемесімен Жиналыс хатшысы (бұдан әрі – Жиналыс хатшысы) етіп және акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындыларын хаттамасын дайындау үшін жауапты тұлға ретінде сайлады.

5. КҮН ТӘРТІБІ

Жиналыс төрағасы акционерлерге жиналыстың күн тәртібін толықтыру бойынша ұсыныстардың болуы туралы Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумарович Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібіне өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар түспегенін хабарлады.

Жиналыс төрағасы акционерлерге «Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 43-бабының 4-тармағының нормаларын түсіндірді және акционерлердің жылдық жалпы жиналысының келесідей күн тәртібін бекітуге шығарды.

1) «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

2) 2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін (1-Қосымша) бекіту туралы.

3) 2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін (2-Қосымша) бекіту туралы.

4) 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы.

5) 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері және құрамы туралы «Нұрбанк» АҚ акционерлеріне ақпарат беру туралы.

6) 2024 жылы «Нұрбанк» АҚ-ның, оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы.

7) «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы.

8) «Нұрбанк» АҚ-ның директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорына сыйақы мөлшерін өзгерту туралы.

9) «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы.

Жиналыс төрағасы акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне: «Нұрбанк» АҚ-ның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы» бірінші мәселені дауысқа салды.

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 918 173 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: **«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін** – деген шешім көпшілік дауыспен қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін бекіту» жөніндегі екінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановнаға сөз берді. Г.А. Оспанова «Нұрбанк» АҚ-ның акционерлерін аяқталған 2024 жылғы негізгі қаржылық көрсеткіштерімен таныстырды.

Оспанова Г.А. қатысушылардың назарына келесі ақпаратты жеткізді: 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармақшасына сәйкес қоғамның аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында бекітіледі.

«Нұрбанк» АҚ-ның Шоғырландырылмаған (жекелеген) жылдық қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалды.

2024 жылға арналған Шоғырландырылмаған (жекелеген) жылдық қаржы есептілігін «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық компаниясы растады (1-Қосымша).

Шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептіліктің қорытындысы бойынша 2024 жыл үшін Баланс валютасы 529.436.756 мың теңгені құрайды, 2023 жыл үшін Баланс валютасы 460.666.575 мың теңгені құраған, 2023 жылмен салыстырғанда Баланс валютасы - 68.770.181 мың теңгеге артқан немесе 14,93%-ға өскен.

Қызмет қорытындысы бойынша 2024 жыл үшін Банктің пайдасы 13.020.372 мың теңгені құрайды, 2023 жылы пайда 7.614.700 мың теңгені құраған, 2023 жылмен салыстырғанда пайда 5.405.672 мың теңге сомасына артқан немесе 70,99 %-ға өскен.

2024 жылы бір жай акцияға пайда 964 теңге 90 тиынды құрайды, 2023 жылы бұл көрсеткіш 564 теңге 30 тиынды құраған, өсім 400 теңге 60 тиынды немесе 70,99%-ды құрайды.

«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі «Нұрбанк» АҚ-ның аудит жүргізілген қаржылық есептілігін алдын ала қарады және оны бекіту үшін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынды.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен келіп түскен сұрақтар мен пікірлер талқыланды, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы» екінші мәселенің жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«**ЖАҚТАЙДЫ**» - 11 918 173 дауыс беруші жай акция

«**ҚАРСЫ**» - жоқ;

«**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ**» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: **«2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін»** – деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады (1-Қосымша).

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін бекіту» туралы үшінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның Бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановнаға сөз берді.

Оспанова Г.А. акционерлердің назарына келесі ақпаратты жеткізді: «Нұрбанк» АҚ-ның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалды.

2024 жылға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық компаниясы растады (№2 Қосымшасы).

Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікке «Нұрбанк» АҚ-ның қаржылық есептілігі мен оның еншілес кәсіпорындардың (бұдан әрі – Топ) қаржылық есептіліктері кіреді.

Аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептіліктің нәтижелері бойынша 2024 жылғы Баланс валютасы 531.804.393 мың теңгені, 2023 жылғы Баланс валютасы 461.397.075 мың теңгені құрады, 2023 жылмен салыстырғанда Баланс валютасы - 70.407.318 мың теңге сомасына немесе 15,26%-ға артты.

Қызметтің нәтижелері бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның 2023 жылы пайдасы 13.878.379 мың теңгені құрады, 2023 жылғы пайда – 7.742.385 мың теңгені құраған, Банктің пайдасы 6.135.994 мың теңге сомасына артқан немесе 79,25%-ға өсті.

2024 жылы бір жай акцияға пайда 1028 теңге 48 тиынды құрайды, 2023 жылы бұл көрсеткіш 573 теңге 76 тиынды құраған, өсім 454 теңге 72 тиынды немесе 79,25%-ды құрайды.

«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі 2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала қарады және оны бекіту үшін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынды.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша акционерлер мен олардың өкілдерінің сұрақтар мен пікірлер талқыланды акционерлер мен олардың өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның аудит жүргізілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту туралы» үшінші мәселесі бойынша шешімнің жобасын дауысқа салды (2-Қосымша).

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 918 173 дауыс беруші жай акция

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін» - деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады (2-Қосымша).

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы» жөніндегі төртінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның қаржы директоры – Басқарма мүшесі Толымбеков Нұрбек Қабылбекұлына сөз берді.

Н.Қ. Толымбеков келесілерді хабарлады: 2003 жылғы 13-мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына және 36-бабына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында өткен қаржы жылы үшін қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі анықталады және бекітіледі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданады және қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері бекітіледі немесе қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылданады.

2024 жылғы қызмет нәтижелері бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның жекелеген қаржылық есептілігі бойынша пайда 13.020.372 мың теңгені құрады. Алайда «Нұрбанк» АҚ-ның қаржылық есептілігі бойынша өткен жылдардағы қызмет нәтижелері бойынша 85.615.445 мың теңге сомасындағы жинақталған шығынды ескере отырып, «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына «Нұрбанк» АҚ-ның 13.020.372 мың теңге көлеміндегі таза табысын бөлусіз қалдыру және оны «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» шотына аудару ұсынылады. 2024 жылғы «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен келіп түскен сұрақтар мен пікірлер талқыланды, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: «Нұрбанк» АҚ-ның 13.020.372 мың теңге мөлшеріндегі таза табысы бөлмей қалдырылсын және «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» есебіне жіберілсін. 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін» деген төртінші мәселесі бойынша шешімнің жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 869 285 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - 48 888 дауыс беруші жай акция;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрайымы: «Нұрбанк» АҚ-ның 13.020.372 мың теңге мөлшеріндегі таза табысы бөлмей қалдырылсын және «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» есебіне жіберілсін. 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін» - деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы «2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері және құрамы туралы «Нұрбанк» АҚ акционерлеріне ақпарат беру туралы» бесінші мәселе бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді. Р.Г. Камалеев акционерлерге Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы («Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 23 мамырдағы шешіміне сәйкес (№32-(25) хаттама) 2025 жылдың 28 мамырынан 2025 жылдың 01 маусымына дейін «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі Төрағасының қызметі Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке жүктелген) акционерлерге Банктің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат беретінін хабарлады.

Р.Г. Камалеев 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат берді. Сыйақы құрамына: Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі сыйақының мөлшері, сондай-ақ Басқарма мүшелеріне еңбек келісімшарты бойынша төленген жалақы және басқа төлемдер қамтылған.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 340 251 мың теңге мөлшерінде сыйақы есептелген, оған:

- 1) Басқарма мүшелеріне 210 368 мың теңге мөлшерінде төленген еңбек ақы мен әлеуметтік төлемдер;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелеріне 129 883 мың теңге мөлшерінде төленген сыйақылар мен әлеуметтік төлемдер кіреді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып акционерлер жиналысына келесідей ұсыныс жасалды: «2024 жылғы «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын».

Жиналыс төрағасы акционерлер мен олардың өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша акционерлер мен олардың өкілдерінен сұрақтар мен пікірлер түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылғы «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын» деген бесінші мәселесін дауысқа салды.

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 869 286 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - 48 887 дауыс беруші жай акция;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «2024 жылғы «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2024 жылы «Нұрбанк» АҚ-ның, оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы» алтыншы мәселесі бойынша Банктің Корпоративтік хатшысы Скакова Жайнагуль Сериковнаға сөз берді.

Ж.С. Скакова Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысында лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне акционерлердің жүгінулері туралы және сол жүгінулердің қаралу қорытындылары қаралатынын хабарлады. 2024 жылы «Нұрбанк» АҚ-ның әрекеттеріне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан және А.К. Ильяшевтен жүгінім тіркелген.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, акционерлердің жалпы жиналысына: ««Нұрбанк» АҚ-ның әрекеттеріне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан және А.К. Ильяшевтен жүгінім болғанын және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын» деген шешім жобасына дауыс беру ұсынылды.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен пікірлер келіп түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің алтыншы мәселесі: «Нұрбанк» АҚ-ның әрекеттеріне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан және А.К. Ильяшевтен жүгінім болғанын және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын» деген шешімді дауысқа салды.

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 918 173 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «Нұрбанк» АҚ-ның әрекеттеріне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан және А.К. Ильяшевтен жүгінім болғанын және оларды

қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы» жетінші мәселе бойынша Заң департаменті директорының орынбасары Сальникова Наталья Александровнаға сөз берді.

Н.А. Сальникова «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже қаралғанын және алдын ала «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мәжілісінде мақұлданғанын (29.04.2025 жылғы №23-«25» хаттама) хабарлады.

«Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережені акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

«Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже 2019 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының №188 Қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына (бұдан әрі – №188 Қағида) сәйкес, 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің №93 Қаулысымен №188 Қағидаға енгізілген өзгертулерді ескере отырып тәртіпке келтірілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормаларымен толықтырылды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, акционерлердің жалпы жиналысына келесідей шешім жобасына дауыс беру ұсынылды: «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже (3-Қосымша) бекітілсін.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен келіп түскен сұрақтар мен пікірлер талқыланды, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже (3-Қосымша) бекітілсін» деген жетінші мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды:

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«**ЖАҚТАЙДЫ**» - 11 869 285 дауыс беруші жай акция;

«**ҚАРСЫ**» - 48 888 дауыс беруші жай акция;

«**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ**» - жоқ.

Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы көпшілік дауыспен келесідей шешім қабылданғанын хабарлады: **«Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже (3-Қосымша) бекітілсін».**

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ-ның директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорына сыйақы мөлшерін өзгерту туралы» сегізінші мәселесі бойынша қаржы директоры – Басқарма мүшесі Толымбеков Нұрбек Кабылбекұлына сөз берді.

Н.К.Толымбеков қатысушыларға: «Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімін айқындау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретінің бір мәселесі болып табылатынын ескертті.

«Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің төрағасы Сарсенов Эльдар Рашитовичтен «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлемінің мөлшерін өзгерту туралы «Нұрбанк» АҚ-ға ұсыныс келіп түсті.

Камалеев Рустем Гумарович 2017 жылдың 05 желтоқсанынан бастап «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып табылады. Директорлар кеңесінде жұмыс істеу кезеңінде өзін «Нұрбанк» АҚ-ның қызметіне белсенді түрде атсалысып жатқан, «Нұрбанк» АҚ-ның дамуына бағытталған бастамалар ұсынатын тәжірибелі кәсіби маман ретінде көрсетті, «Нұрбанк» АҚ-ның мүддесін қорғау мәселелерінде түбегейлі орнықтылығын байқатты.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде баяндамашы акционерлер мен олардың өкілдеріне ұсынылған шешім жобасына дауыс беруді ұсынды:

«1. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлемінің мөлшерін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының хаттамасына жасалған қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке белгіленген өтемақы мөлшері өзгеріссіз қалдырылсын.»

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен сұрақтар мен пікірлер келіп түскен жоқ.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды:

«1. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлемінің мөлшерін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының хаттамасына жасалған 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке белгіленген өтемақы мөлшері өзгеріссіз қалдырылсын.»

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«**ЖАҚТАЙДЫ**» - 11 869 285 дауыс беруші жай акция;

«**ҚАРСЫ**» - 48 888 дауыс беруші жай акция;

«**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ**» - жоқ.

Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы көпшілік дауыспен келесідей шешім қабылданғанын хабарлады:

1. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлемінің мөлшерін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының хаттамасына жасалған 4 - қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке белгіленген өтемақы мөлшері өзгеріссіз қалдырылсын.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» тоғызыншы мәселесі бойынша

«Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді.

Р.Г. Камалеев «Нұрбанк» АҚ-ның директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттары «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мәжілісінде қаралғанын және алдын ала мақұлданғанын (08.05.2025 жылғы №26-(25) хаттама) хабарлады.

«Нұрбанк» АҚ-ның директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттарын «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі бекітеді.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен сұрақтар мен пікірлер келіп түскен жоқ.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» тоғызыншы мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды (5-Қосымша):

Дауыс беруге 11 918 173 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 11 918 173 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы көпшілік дауыспен келесідей шешім қабылданғанын хабарлады: «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттары бекітілсін» (5-Қосымша).

6. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМІ

«Нұрбанк» АҚ-ның акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша келесі шешімдерді қабылдады:

1. «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.
2. 2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылмаған (жекелеген) аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі (1-Қосымша) бекітілсін.
3. 2024 жылға арналған «Нұрбанк» АҚ-ның шоғырландырылған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі (2-Қосымша) бекітілсін.
4. «Нұрбанк» АҚ-ның 13.020.372 мың теңге мөлшеріндегі таза табысы бөлмей қалдырылсын және «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» есебіне жіберілсін. 2024 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.
5. 2024 жылғы «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.
6. «Нұрбанк» АҚ-ның әрекеттеріне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан және А.К. Ильяшевтен жүгінім болғанын және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.
7. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ереже (3-Қосымша) бекітілсін.
8. 1) «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлемінің мөлшерін «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының хаттамасына жасалған 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2) «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Камалеев Рустем Гумаровичке белгіленген өтемақы мөлшері өзгеріссіз қалдырылсын.

9. «Нұрбанк» АҚ-ның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттары (5-Қосымша) бекітілсін.

7. ҚОРЫТЫНДЫ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды және талқыланды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды, соған байланысты акционерлердің жалпы жиналысы 2025 жылдың 29 мамырында сағат 10-нан 46 минут өткенде жабылды деп жарияланады.

Жиналыс төрағасы



Трофимов Н.А.

Жиналыс хатшысы



Скакова Ж.С.